

## **Бюджеттен тыс қорларға аударымдарды төлеушілердің жеке шоттарын салық органдарына беру туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 30 желтоқсандағы N 1861. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005 жылғы 9 ақпандағы N 124 қаулысымен

Қаржының бюджеттен тыс қорларға толық және уақытында түсуін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қоры 2 апта мерзім ішінде салық органдарына 1998 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша бюджеттен тыс қорларға төлеушілердің жеке шоттарын берсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті 1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап Жол қорына, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына, Жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қорына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Міндетті медициналық сақтандыру қорына қаржының толық, дұрыс және уақтылы түсуіне бақылауды қамтамасыз ететін болсын.

3. Заңды және жеке тұлғалардан Қазақстан Республикасының аумағына кіру, одан шығу және ол арқылы жүру үшін ақы алу, сондай-ақ ақылы мемлекеттік автомобиль жолдарымен жүргені үшін ақы алу құқығы Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінде қалдырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен аталған қорларға салық төлеушілердің аударымдарын жинау жөніндегі өзара іс-қимылының және оны үйлестірудің тәртібін әзірлесін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*